

С. СҮҢҒАТАЙ

## КӨНЕ ТҮРКІЛЕРДІҢ АЛТЫН МАСКАСЫ

Бұл кездейсоқ археологиялық жәдігерліктер 1997 жылы ҚХР-дың Іле қазақ автономиялы облысына қарасты Моңғолкүре ауданы (Қытайша Чжао су) Бома ауылындағы (Бұл ауыл Қазақстан шекарасына өте жақын бұрынғы Нарынқол ауданының орталығынан шамамен 15-20 шақырым жерде) ескі қорымды жасырын түрде қазып тонаушы қылмыстық топты ұстаған кезде тонаушылар қолынан алынған. Қазір ол бұйымдар Іле қазақ автономиялы облыстық мұражайда (Құлжа қаласында) сақтаулы тұр. Осы жолдардың авторы 2001 жылы ақпан айында Қытайға барған сапарында, Синьцзян археология институтынан алған дерегі бойынша аталмыш бірегей құнды жәдігерліктер туралы Қытай басылымдарында әлі ресми ғылыми зерттеу - хабарлама жарияланбаған екен. Тек 1999 жылы Үрімшіде жарық көрген аса бағалы тарихи-мәдени жәдігерліктерге арналған фото альбомға кіргізілген<sup>1</sup>.

Бома алтын бұйымдарына біздің айырықша ғылыми ынта-ықыласымыздың ауу себебі – Орталық Азияның б.з. I мыңжылдығының, әсіресе оның алдыңғы жартысында өмір сүрген көшпелі халықтардың (тайпалар) жерлеу салтындағы осынау сирек кездесетін ырымдық-ақыреттік заттың діни-ғұрыптық мәні, шығу төркіні, этно-мәдени тегі және таралу аймағы сынды күрделі мәселелерге жауап іздеп өзімізше шешімін айту болып отыр.

Бомадан табылған алтыннан құйылған масканың көлемі: ені 16,5 см., ұзыны 17 см., салмағы 245 грамм. Маска былайша көріністе бірден салауатты, сұсты әрі келбетті ер кісінің бет-әлпетін айқын елестетеді. Оның көздері, доғаланған қасы, қияқ мұрты, қаба сақалы түгелдей қызыл лағыл тастардан көз салынып, алтынмен көрнекі бедерленген (1-суретке қараңыз).

Алтын құтының биіктігі 14 см., аузының диаметрі 1 см., салмағы 489 грамм. Құтының қақпағында өсімдік жапырағы іспетті өрнектер бедерленген, ал ыдыстың мойынын айналдыра бедерлі алтын алқа тағылған, алқадан төмен алдымен бір қатар дөңгелек, сосын үш бұрышты қиықша формада тұғырық орнатылып (бәрі де алтыннан дәнекерленген), оған асыл қызыл лағыл тастардан көз салынған (2-суретке қараңыз).

Бомадан кездейсоқ табылған осынау алтын бұйымдардың аналогиялық үлгілерін біз Орталық Азияның өзге аймақтарынан қарастырып көретін болсақ, оны біз Бомаға географиялық жағынан да, архео-мәдени дәстүрі жағынан да ең жақын есептелетін Қырғызстан жерінде жүргізілген ресми археологиялық қазындылардан кездестіреміз.

<sup>1</sup>Си юй го баолу (A Collection of important Historical Sites and Relics in the Western regions) (Батыс өлкенің мемлекеттік мәні бар тарихи-мәдени жәдігерліктер коллекциясы). Үрімші. 1999. Құрастырған Чи Сяошан.



1-сурет



2-сурет

Қырғызстанның Шу аңғарындағы (Ле Алатауының күнгеі беті) Шамси қорымынан қазылған ақыреттік заттарға аса бай бір ақсүйек әйел жерленген катакомбылы зираттан әйел кісінің бет-пішіні күйылған алтын маска (3-суретке қараңыз), күміс төті (тәжі), гранатпен (қоңыр қызыл түсті жақұт) әшекейленіп, көз салынған алқа мен сырға т.б. аса қымбатты ақыреттік заттар табылған. Ондағы алтын масканың жүзінде ағаш бұтақтары төрізді өрнектер бар, бәлкім беттегі татуировкасын бейнелеген болса керек. Шамси обасын археологтар б.з. YII ғасырдық деп тұжырымдаған<sup>2</sup>.

Дәл осындай алтын масканың екінші бір түрін археолог Әбетекөв А. К. Қырғызстанның Алай аңғарындағы Жалпақтөбе (№ 8) обасынан тапқан<sup>3</sup>.

Ал И. Қожамбердиев Қырғызстанның Кетментөбе аңғарындағы Төркен қорымынан қазған қабірлерден марқұм кісінің кебіні ретінде бірге көмген алтыннан жасалған бірсыпыра ауызтартқыштар (наротники) мен көзілдіріктер (наглазники) тапқан. Төркен ескерткіштерін ғалымдар көзірше б.з. Y ғасырынікі деп есептейді<sup>4</sup>.

Қазірге дейін ҚХР Шинжаңның Турфан шұратындағы Астана қорымынан (дәлізі бар катакомбылы және жан ақымы бар қабірлер, б.з. IY-YIII ғасырлары) түрлі-түсті тоқыма бұйымдардан тігілген әр түрлі ақыреттік маскарлар мен бет перделер (лицевые покрывала) және көзілдіріктер көп табылды.

<sup>2</sup> Археология СССР // Степи Евразии в эпоху средневековья. М., 1981. С. 21; Кыргыз Совет энциклопедиясы. 1983. Фрунзе. 120-6.

<sup>3</sup> Абетеков А.К. Ранние кочевники Тяньшаня и их культурные связи с Кушанской империей // Центральная Азия в Кушанскую эпоху. М., 1974. Т. II. С. 308.

<sup>4</sup> История Кырг.ССР. 1968. Фрунзе. С. 88.



3-сурет

Бірсыпыра Қытай ғалымдары Турфандағы бұл Астаналық жерлеу ғұрпы мен ақыреттік заттардың түп-төркіні ішкі Қытайдан шыққан деген пікірді алға тартып келген еді<sup>5</sup>. Кейінірек белгілі синолог Е. И. Лубо-Лесниченко бұл пікірдің еш негізсіз екенін, өлген кесіні ақыреттік маскамен, бет пердемен және көзілдірікпен жерлеу ғұрпының түп-төркіні Қытайда емес, керісінше оның Тяньшан төңірегінде, Ферғана аңғарының батысы мен Алай өңірінде тараған б.з. II-У ғасырларына тән катакомбылы - жан ақымды обалар мәдениетінен туындайтынын дәйекті түрде атап көрсетті<sup>6</sup>.

Ақыреттік масканың тағы бір шығу төркіні оңтүстік Сібірдің ғұндық - ерте түркі дәуіріндегі Таштық мәдениеті екені белгілі. Білікті ғалымдар Таштық мәдениетіндегі ақыреттік маскамен жерлеу ғұры-

пы сол аймақта сырттың ықпалынсыз, жергілікті наным-сенімдер негізінде дербес пайда болып, дамығанын айтады<sup>7</sup>.

Жерлеу ғұрпындағы ақыреттік масканың мәні туралы мәселе өте күрделі. Оны түсіндірулер де әр қилы. Маска жасау көбінесе өлі мен тірінің аражігін айыру, марқұмның бет пішінін, жансыз образын, рухының бейнесін сақтап қалу сынды ата-бабаға, марқұмның аруағына табыну наным-сеніміне байланысты туғаны шындық.

Сонымен біз салыстыра зерттей келе Бомадан табылған алтын маска мен құтыны б.з. VI-VII ғасырларында Хантөңірі тауының баурайында билік құрған Батыс Түркілерден қалған ескерткіштер деген қорытындыға келеміз.

Көне ақыреттік маскалар көбінесе гипс немесе сағыз топырақтан жасалған қыштан, маталардан, тастан, темірден жасалса, Бомалық маска алтыннан жасалып, әрі асыл тастармен әшекейленген. Демек оның иесі көне түркі қоғамындағы аса мәртебелі ақсүйек-шонжар болса керек. Осы орайда Батыс Түркі қағанатына елшілікке келген Византия елшісі Земархтың Истеми қаған ордасындағы түріктердің алтынға байлығын, қағанның отырған тағы түгел сом алтыннан құйылғанын, оның аса таяғы, әуелі қымыз

<sup>5</sup> У. Болунь. Гуан юй "фу мянь" ("Бет перде" туралы) "Синьцзян каогу санши нянь". Үрімші. 1983. 660-б.

Ван Бинхуа. Фумянь, янь чжао цзи ци та. (Бет перде, көзілдірік және басқалар туралы) // Вэн-у. 1962. Ғ 1-8.

<sup>6</sup> Лубо-Лесниченко Е. И. Могильник Астана // Восточный Туркестан и Средняя Азия. М., 1984. 108 с.

<sup>7</sup> Киселев С. В. Древняя история Южной Сибири. М., 1951. 454 с.

ішетін құтысы мен тостағаны да алтыннан жасалғанын, ақ орданың іші-сырты түгелдей алтынмен апталып, күміспен күптелгенін тамсана айта келіп былай дегені еске оралады: "...мұның бәрі де біздікінен ешбір кем емес өнермен жасалған, қараңызшы, түріктердің сән-салтанатты өмірі қандай дәрежеге жеткен десенізші!"<sup>8</sup>.

#### Резюме

В статье дается характеристика уникальной золотой маски древних тюрок из Синьцзянской провинции КНР.

#### Summary

This article is devoted to the characteristics of a unique gold mask of ancient turks from Xinjiang province of Peoples Republic of China.

<sup>8</sup> Али Мазахери. La Route de la sole. (Жібек жолы) Қытайша аудармасы. Пекин, 1996. 436-б.

ҚРБ және FM-нің, ҰҒА-ның Хабарлары.  
Қоғамдық ғылымдар сериясы. 2001. № 5

А. И. БЕЙСЕБАЕВ

### КАНГЮЙЛІК ОНОМАСТИКАНЫҢ ЭТНИКАЛЫҚ НЕГІЗІ

Қазақ халқының ежелгі дәуірдегі этникалық тарихының әлі де зерделеп зерттеуді қажет ететін тұстары аз емес. Бір мәселенің басы ашық: ұлан-ғайыр даланы мекендеген көне тайпалар: сақтар, кангюй, усунь, дай-даха және басқаларының қазақ этносының іргесін қалауға үлес қосқаны даусыз. Алайда, кейбір ғалымдар, б.з.д. өмір сүрген осы тайпалар иран тілдес болған, тек кейіннен Қазақстан мен Орта Азияға түркі тілдес ғұндар қоныс аударған соң ғана түріктенді деген пікір айтады [1]. Енді бір топ ғалымдар аталмыш тайпалар көне заманнан бері түркі тілдес болған деген пікірді қуаттайды [2].

Археологиялық материалдарға көз жүгіртсек, Қазақстан даласын бағзы замандарда мекендеген халықтардың мәдениеттері мен кейінгі дәуірлердегі халықтардың заттай мәдениетінде үндестіктер байқалады. Қазақстан қола дәуірінің тарихын терең зерттеген Ә. Х. Марғұлан: «Далалық неолит тайпаларының ұрпақтары, жоғарғы деңгейдегі мәдениет негізін салушылар, грек әдебиетінде азиялық скифтер атымен белгілі болған, немесе орал-алтайлық (аргиппейлер, аримаспылар және т.б) бағзы далалық тайпалар болған», – дей келе, өз ойын «Қарасу мәдениетін тыс аймақтардың ықпалымен қалыптасты және қола, ерте скиф замандарының тайпалары иран

## МАЗМҰНЫ

### Жас археологтардың зерттеулері

<i>Беделбаева М. В.</i> Орталық Қазақстанның ерте темір дәуірі ескерткіштерін зерттеу.....	3
<i>Лошакова Т. Н.</i> Солтүстік Шығыс Каспий өңіріндегі қола дәуірінің қыш ыдыстарының ою-өрнектері, оларды өндірудің технологиялық ерекшеліктерін зерттеу.....	12
<i>Сүнгатай С.</i> Көне түркілердің алтын маскасы.....	16
<i>Бейсебаев А. И.</i> Кангюлік ономастикалық этникалық негізі.....	19

### Жас шығыстанушылардың зерттеулері

<i>Бабакұмар Хинаят.</i> Көшпелілердің мал сүйектеріне байланысты сақралды-идеологиялық дәстүрі (Қойдың жауырын сүйегі мысал ретінде).....	25
<i>Дүсенов Б. Д.</i> XIII-XIV ғғ. “Китаб-ад-Дурра...” жазба ескерткіші тілінің кейбір лексикалық ерекшеліктері.....	31
<i>Зікірия Д. К.</i> Қазақстан-Түркия экономикалық, мәдени байланыстары.....	36

### Жас философтардың зерттеулері

<i>Әмірбаева Ж.</i> Жүсіп Баласұғынның “Құдатғу білік” шығармасындағы дүние тынымдық көзқарасы.....	43
<i>Сағынқызы А.</i> Даосизм және конфуцийшілдік философиясындағы білім концепциясы.....	50
<i>Кокишева В. К.</i> Ницшенің тарихтағы Ресейге әсері.....	57

### Жас экономистердің зерттеулері

<i>Әбішев А. А.</i> Жекеменшік жеке тұлғаның өсу және өркендеу жолдарының шарты.....	63
<i>Мұхаммедов А. О.</i> Еңбек наркынның қалыптасуы жағдайында ауылдағы жұмыссыздық.....	71
<i>Қайронов А. М.</i> Қазақстан Республикасында еңбек ақы жүйесін талдау.....	69
<i>Аминова А. К.</i> Қазақстандағы мемлекеттік сыртқы борышты қалыптастыру және оған қызмет көрсетудің проблемалары.....	78
<i>Дүйсен Г. М.</i> Қазақстандағы туризм индустриясы проблемаларының теориялық тәсілдері.....	85

### Жас заңгерлердің зерттеулері

<i>Майлыбаев Б. А.</i> Қазақстан Республикасы президенті институтының саяси-құқықтық даму тенденциялары мен болашағы.....	93
<i>Нәлел В.</i> Заң шығаруды жоғарғы сатыға көтерудің кейбір аспектілері Қазақстан ішкі саясатының приоритеттік мақсаты.....	101
<i>Айдарбаев С. Ж.</i> Табиғи монополия субъектісінің түсінігі.....	110
<i>Сәлімгерей А. А.</i> Халықаралық құқық теориясындағы жабық жартылай жабық теңіздер концепциясының дамуы.....	116

## СОДЕРЖАНИЕ

### Исследования молодых археологов

<i>Бедельбаева М. В.</i> К изучению памятников раннего железного века центрального Казахстана.....	3
<i>Лошакова Т. Н.</i> К изучению орнамента и технологического производства керамики эпохи бронзы (по материалам поселений Северо-Восточного Прикаспия).....	12
<i>Сунгатай С.</i> Золотая маска древних тюрок.....	16
<i>Бейсебаев А. И.</i> Этнические основы Кангюйской ономастики.....	19

### Исследования молодых востоковедов

<i>Бабакумар Хинаят.</i> Сакрально-идеологическое представление кости животных у кочевников (на примере бараньей лопатки).....	25
<i>Дюсенов Б. Д.</i> Некоторые лексические особенности языка памятника письменности “Китаб ад-Дурра...” XIII—XIV вв.....	31
<i>Зикирия Д. К.</i> Казахстан-Турция: экономические и культурные связи.....	36

### Исследования молодых философов

<i>Амребаева Ж.</i> Мир “непреходяще ценных суетей Юсуфа Баласагуни в «Кутадгу билиг».....	43
<i>Сагикызы А.</i> Границы знания даосской и конфуцианской философии.....	50
<i>Кокшешева В.</i> К истории нищезанятия в России.....	57

### Исследования молодых экономистов

<i>Абишев А. А.</i> Собственность как условие становления и развития личности.....	63
<i>Мухаммедов А. О.</i> Сельская безработица в условиях формирования рынка труда.....	71
<i>Кайранов А. М.</i> Оценка оплаты труда в системе социального партнерства в Республике Казахстан.....	69
<i>Амринова А. К.</i> Проблемы формирования и обслуживания государственного внешнего долга в Казахстане.....	78
<i>Дуйсен Г. М.</i> Теоретические подходы к проблемам развития индустрии туризма в Казахстане.....	85

### Исследования молодых юристов

<i>Майлыбаев Б. А.</i> Тенденции и перспективы политико-правового развития института Президента Республики Казахстан.....	93
<i>Ивлев В.</i> Некоторые аспекты совершенствования законодательства, как приоритетной цели внутренней политики Казахстана.....	101
<i>Айдарбаев С. Ж.</i> Понятие субъекта естественной монополии.....	110
<i>Салимгерей А. А.</i> Развитие концепции замкнутых и полузамкнутых морей в теории международного права.....	116